

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## Заң факультеті

### «Құқықтану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы

Заң факультетінің Ғылыми кеңесінде бекітілді

№ 8 хаттама « » \_\_\_\_\_ 2015 ж.

Заң факультет деканы \_\_\_\_\_ Д.Л. Байдельдинов

## СИЛЛАБУС

### «TSL 2003» - «Қазақстан Республикасының Салық құқығы»

(3 кредит)

3 курс, с/б, 5 семестр (күзгі)

Модульдің пәндерін жүргізетін оқытушылар туралы **МӘЛІМЕТ:**

**«ҚР мемлекет және құқық тарихы» пәні бойынша**

**Оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі: Адилгазы Серикхан**

Телефондары (жұмыс, үй, ұялы байланыс): 377-33-36 ішкі 12-55, 12-40.

e-mail: [serikhan@mail.ru](mailto:serikhan@mail.ru)

каб.: 323ауд.,

**Пәннің мақсаттары мен міндеттері:** Салық мемлекеттің өмір сүруінің және оның қызметін қаржыландырудың негізгі қайнар көзі болып табылады. Нарықтық экономикаға көшу бағытында Қазақстанның экономикасын реформалауда салықтың рөлі күшеюде және салық мемлекет пен қоғамның әр түрлі салаларына тікелей әсер етеді. Салық бюджеттік жүйенің негізгі кіріс көздері болып табылғандықтан, қаржылық базаны қалыптастыруда шешуші фактор ретінде саналады. Салық мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндетін орындау үшін қажетті фактор. Сонымен қатар, салық еліміздің қорғанысын және қауіпсіздігін, азаматтар мен адамдар құқықтарын материалдық кепілдіктендіретін ерекше құрал.

Салық салу механизмі құқықтық нормалардың көмегімен жүзеге асырылады, осы құқықтық нормалардың жиынтығы салық құқығын құрайды. Қазіргі таңда салық құқығы – өзіне тән пәнімен және құқықтық реттеу әдістері бар ірі құқықтық құрылым. Оның басты ерекшелігі тікелей реформалауды қажет етуінде.

Салық құқығымен танысу, оны терең оқып үйрену көп қиындықтармен байланысты. Олардың бірі салық заңдары әрдайым қозғалмалы процесте болады. Салық құқығының көпшілік нормалары терең ұғынуды талап етеді, өйткені олардың ұғымдары экономикалық терминдерден бастау алған. Осы кезеңге дейін салық қызметінің кейбір мәселелері құқықтық реттелінбеген және заңи әдебиеттерде зерттелінбеген.

**Мақсаты:** студенттерді салықтық құқықтың негізгі теориялық жағдайларымен және оның болмысының әлеуметтік-экономикалық негіздерімен таныстыру; оларға салықтық-құқықтық нормалардың құрылымы мен құқықтық реттеу механизмдерін, салықтық құқықтық қатынастардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ осы қатынастарды мемлекеттік реттеу жолдары мен тәсілдерін ашып көрсету; салықтық құқықтың жалпы және ерекше бөлімдері құрылымының, олардың құрамына жаңадан қосылған институттардың, салықтық құқықтағы заңи фактілердің жан-жақты сипаттамасын беру; мемлекеттің фискальдық жүйесінің, оның ішінде салықтар жүйесінің қоғамдық-экономикалық, саяси және құқықтық негіздерінің мән-жайын, сондай-ақ мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі функциялары мен құқықтық нысандарының ерекшеліктерін ашып көрсету болып табылады.

**Міндеттері:** Пәнді оқытудың міндеттері пәнді оқыту мақсаттарымен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы салық заңдары мен салық органдарының құрылымын, функцияларын, өкілеттіліктерін, нормаларды құқықтық талдай алуларды білуді көздейді.

**Құзыреттері (оқытудың нәтижелері):** Бакалавр бағдарламаны бітірушілер білуі тиіс:

- Кәсіби тәжірибедегі ғылыми зерттеу саласындағы ғылыми пәннің қазіргі жағдайын бейнелейтін талпыныстар, тенденциялар мен проблемалардың білімен терең жүйелі білуі шарт;
- Жалпы ғылыми тәсілдерді, сондай-ақ өздерінің ғылыми зерттеулеріне қолданылатын арнайы тәсілдерді түсіну және білу;
- Тәжірибелік тұрғымен қатар бар білімдегі түпнұсқалық түсіну және жаңа білімді құрау мен бейімдеуге қатысты да зерттеу тәсілдері мен талдауды ғана қолдана білуі қажет;
- Аталған ғылыми салада жүйелі түсінік жасай біліп, қазіргі ғылыми зерттеулерге сын көзқараспен қарай біліп, тұжырымдар жасай алу;
- Әдістемелік талпыныстарды бағалай білуге, оларды талдай білуге және жаңа гипотезаларды ұсына білуге;
- Күрделі мәселелерді шешудегі жүйелік және дәлдік тәсіл, мәліметтердің толық еместігі жағдайында және өзінің қорытындыларын мамандар үшін де кәсіби деңгейде дербес жоспарлауға және шешуге;
- Проблемаларды шешудегі дербестік пен түпнұсқалық және кәсіби деңгейде дербес жоспарлауға және шешуге;
- Өзінің білімін дамытуға және тереңдетуге және жоғары деңгейде жаңа дағдыларды игеруге;
- Жетістікпен жұмысқа орналасуға қажетті сипаттар мен дағдыларды игеруге, жеке жауапкершілікті талап ететін бастамашы болуға, қилы жағдайларда проблемаларды шеше білуге, тұрақты білуге, тұрақты кәсіби даму үшін дербес қабілетті болуға.

**Пререквизиттері:** мемлекет және құқық теориясы; экономикалық теория; конституциялық құқық; әкімшілік құқығы, қаржылық құқық, азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық.

**Постреквизиттері:** Әкімшілік құқығы; азаматтық құқық; салықтық құқық, кәсіпкерлік құқығы;

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Апта	Күні	Тақырыптардың аты	Әдебиеттер
1	14.09-19.09	<b>Л1. Салықтың және салық салудың түсінігі</b> Салықтың түсінігі және оның нарық жағдайында мемлекет өмірінде алатын орны	[1], Глава 5
2	21.09-26.09	<b>Л2. Салықтың құқықтық құрылымының элементтері</b> Салықтың құқықтық құрылымындағы элементтерінің мәнінің түсінігі	[2], Глава 7
3	28.09-3.10	<b>Л3. Мемлекеттің салықтық қызметі. Салық қызметтің мемлекеттік басқару.</b> Мемлекеттің салықтық қызметі туралы негізгі мәселелерді жан-жақты қарастыру.	[1], Глава 5
4	05.10-10.10	<b>Л4. Салықтық құқық құқықтық құрылым ретінде: жалпы сипаттамасы</b> Салықтық құқықты құқықтық құрыл ретінде тани отырып оған жалпы сипаттама беру	[1], Глава 5
5	12.10-17.10	<b>Л5. Салықтық міндеттемесін жан-жақты талдау</b>	[1], Глава 5
6	19.10-24.10	<b>Л6. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқаруды жан-жақты талдау.</b>	[1], Глава 5
7	26.10-31.10	<b>Л7. Мемлекеттік салықтық бақылауға талдау жасау.</b>	[1], Глава 5
8	02.11-07.11	<b>Л8. Корпорациялық табыс салығына талдау</b>	[1], Глава 5

		жасау және оның мәнін ашу	
--	--	---------------------------	--

### Тапсырамалар және консультация

Апта	Тапсырмалар тақырыбы	Тапсырманың орындалу уақыты	Балл	Онлайн консультация
1	<p>Салықтың түсінігі және оның нарық жағдайында мемлекет өмірінде алатын орнын талдау, Салықтың құқықтық құрылымындағы элементтерінің мәнін ашу, Мемлекеттің салықтық қызметі туралы негізгі мәселелерді жан-жақты талдау.</p> <p>Тапсырма: Реферат нысанында тапсыру</p>	14.09-03.10	25	25.09 сағ:15 <sup>00</sup>
2	<p>Салықтық құқықты құқықтық құрыл ретінде тани отырып оны зерделеу, Салықтық құқықтық нормалар және салықтық құқықтық қатынастар . Салықтық міндеттемелер түсінігі, нысаны, құрамы, туындау негіздері.Салықтық міндеттемелерді орындау тәсілдері, тәртібі және ерекшеліктері.</p> <p>Салықтық міндеттемелерді орындаудың айрықша жағдайлары.</p> <p>Салықтық міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен құқықтық негіздері.</p> <p>- Тапсырма: Реферат нысанында тапсыру</p>	21.09-10.10	25	02.10 сағ:15 <sup>00</sup>
3	<p>салық төлеудегі резиденттердің және резидент еместердің міндетін сипаттаңыздар Салық саласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің құзыреттері;</p> <p>Салық саласындағы Қазақстан Республикасы Парламентінің салық салу аясындағы құзыреттері;</p> <p>Салық саласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық салу аясындағы құзыреттері;</p>	28.09-17.10	25	09.10 сағ:15 <sup>00</sup>

	<p>Тапсырма:</p> <p>Реферат нысанында тапсыру</p>			
4	<p>Мемлекеттік салықтық бақылаудың салықтық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретіндегі сипаттамасы.</p> <p>2.Салықтық бақылау мен тексерудің ұғымы,</p> <p>3.Салықтық бақылау мен тексерудің субъектілері мен объектілері, түрлері,</p> <p>4.Салықтық бақылау мен тексерудің уәкілетті органдары мен олардың құзіреттері. Корпорациялық табыс салығының түсінігі.</p> <p>Корпорациялық табыс салығы сомасын есептеп шығару</p> <p>Төлем көзінен ұсталатын салық.</p> <p>Тапсырма: Реферат нысанында тапсыру</p>	5.10-24.10	25	16.10 сағ:15 <sup>00</sup>
5	<p>Жеке табыс салығының түсінігі төлем көзінен салық салынатын табыстар төлем көзінен салық салынбайтын табыстар.</p> <p>Жеке табыс салығы бойынша декларация Жанама салықтың түсінігі Қосылған құн салығы. Акциздер. Жер қойнауын пайдаланушыларының салықтары</p> <p>Тапсырма:Реферат нысанында тапсыру</p>	12.10-31.10	25	23.10 сағ:15 <sup>00</sup>
6	<p>Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеудің түсінігі, мән-жайы, қажеттілігі, қолдану негіздері жөнінде қандай ақпарат алдыңыз?</p> <p>Салық салу аясында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының қандай түрлерін білесіз?</p> <p>Тапсырма:Реферат нысанында тапсыру</p>	19.10-07.11	25	30.10 сағ:15 <sup>00</sup>
7	<p>Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеудің түсінігі, мән-жайы, қажеттілігі, қолдану негіздері жөнінде қандай ақпарат алдыңыз?</p> <p>Салық салу аясында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының қандай түрлерін білесіз?</p>	19.10-07.11	25	06.11 сағ:15 <sup>00</sup>

	Тапсырма: Реферат нысанында тапсыру			
8	Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеудің түсінігі, мән-жайы, қажеттілігі, қолдану негіздері жөнінде қандай ақпарат алдыңыз?  Салық салу аясында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының қандай түрлерін білесіз?  Тапсырма: Реферат нысанында тапсыру	19.10-07.11	25	13.11 сағ:15 <sup>00</sup>
9	<b>Аралық бақылау</b>		<b>200</b>	

#### Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.

##### Б) Негізгі әдебиеттер:

### Негізгі әдебиеттер

1. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. Алматы, 2006.
2. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. Алматы, 2010.
3. Все начиналось с десятины: этот многоликий налоговый мир. М., Прогресс, 1992.
4. Гуреев В. И. Российское налоговое право. М., 2005.
5. Дернберг Р. Л. Международное налогообложение. М., ЮНИТИ, Будапешт, COLPI, 1997.
6. Евстигнеев Е.Н. Основы налогообложения и налогового права. М., 2011.
7. Карасева М.В. Финансовое правоотношение. Воронеж, 2013.
8. Козырин А.Н. Налоговое право зарубежных стран: вопросы теории и практики. М., 1993.
9. Кучерявенко Н.П. Налоговое право. Харьков, 1997.
10. Лукашук И.И. Нормы международного права в правовой системе России. М., 1997.
11. Мещерякова Ф.В. Налоговые системы развитых стран мира. М., 1995.
12. Налоговое право. (под редакцией С.Г. Пепеляева). М., 2000.

## В) Арнайы әдебиеттер:

1. Конституция РК от 30 августа 1995.
2. Налоговый кодекс РК от 12 июня 2001года. «О налогах и других обязательных платежах в бюджет».
3. Бюджетный кодекс РК

### ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.

Орынды себептермен зертханалық сабақтарға қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін лаборанттың қатысуымен қосымша уақытта зертханалық жұмыстарды орындауға болады. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді

Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.

Толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырлауға, өзге біреу шығарған есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады. Курстың кез келген мәліметін бұрмалау, Интранетке рұқсатсыз кіру және шпаргалка қолдану үшін студент «F» қорытынды бағасын алады.

Өзіндік жұмысын (СӨЖ) орындау барысында, оның тапсыруы мен қорғауына қатысты, сонымен өткен тақырыптар бойынша қосымша мәлімет алу үшін және курс бойынша басқа да мәселелерді шешу үшін оқытушыны оның келесі офис-сағаттарында таба аласыз:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
AU (Audit)	-	-	«Пән тындалды» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
Атт-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
Атт-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

Ағымдағы бақылау нәтижелері емтиханға жіберу үшін негіз болып табылады.

Егер студент ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша пән бойынша ең жоғарғы балдың жартысынан төмен (60 %) бал жинаса емтиханға жіберілмейді.

### **Курстың саясаты және процедурасы**

Студенттің міндетіне кіреді: сабаққа күнделікті қатысу, пән бойына тапсырмаларды тапсыру кестесінің талаптарын орындау, әдебиеттермен өзіндік жұмыс жүргізу.

Мезгілінде және толық түрде тапсырмаларды орындаған жағдайда әрбір жұмыс үшін ең жоғары балл қойылуы мүмкін. Аяқталмаған жазбаша жұмыстар саналмайды.

*Көтермелеу балдары: 3 балл –*

- шығармашылығы үшін;
- оқу процесіне белсенді қатысқаны үшін;
- әртүрлі дереккөздерін пайдаланғаны үшін.

*Айып балдары: жалпы санынан 3 балл алынады:*

- материалдарды уақытында бермегені үшін;
- жұмысты сапасыз орындау;
- сабақты жіберу;

- сабаққа кешігіп келу.

Студенттің жеке қатысуынсыз қорытынды бақылау жүргізілмейді.

Студент міндетті:

- сабаққа қатысуға;

- сабаққа кешікпеуге;

- СӨЖ орындаған кезде топтың жұмысына және дәрістер мен семинарлық сабақтарға белсенді қатысуға;

- орындаушы болуға

- сабаққа жүйелі түрде дайындалуға

- СӨЖ кестесінде көрсетілген мерзімде тапсырмаларды орындауға;

- негізгі және қосыма әдебиеттерді зерделеуге,

- белгілі бір құқықтық мәселелерін шешкен кезде Жедел іздестіру қызметі заңын және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын талдауға және қолдануға;

- шыдамды, сұхбаттасуға ашық болуға;

- қайтарымды байланыс ұстауға;

- ойлау процесінде өз бетіше болуға ұмытылуға;

- мәні бойынша сөйлеуді үйренуге.

**Көмек:** өзіндік жұмыстарды орындауға байланысты (СӨЖ) кеңестер алу, оларды тапсыру және қорғау, сондай-ақ өткен материал бойынша және курсқа байланысты басқа да сұрақтармен офис-сағаттар көрсетілген мерзімде оқытушыға жолығуларыңызға болады.

Кафедра мәжілісінде қаралған

Хаттама №   38   «12» маусым 2014 ж.